

"Қазақстан Республикасының Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы шартқа қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 тамыз N 1087

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы шартқа қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Тауар таңбалары жөніндегі
заңдар туралы шартқа қосылуы туралы

Женева қаласында 1994 жылғы 27 қазанда қол қойылған Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы шартқа Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

1-бап. Қысқартылған түрде айтылуы

Осы Шарттың мақсаты үшін және арнайы ескертпелер болмаған кезде:

- (i) "ведомство" Уағдаласушы тарап таңбаларды тіркеуді тапсырған агенттікті білдіреді;
- (ii) "тіркеу" ведомствоның таңбаны тіркеуін білдіреді;
- (iii) "өтінім" тіркеуге өтінімді білдіреді;
- (iv) "тұлғаға" сілтемелер жеке және/немесе заңды тұлғаға жасалатын

сілтемелерді білдіреді;

(v) "иеленуші" таңбалардың тізілімінде тіркеудің иеленушісі ретінде көрсетілген тұлғаны білдіреді;

(vi) "таңбалардың тізілімі" ведомство қалыптастыратын деректердің жиынтығын білдіреді. Тізілім, олар сақталатын көздерге қарамастан, барлық тіркеулердің мазмұны мен барлық тіркеулерге қатысты енгізілген бүкіл деректерді қамтиды;

(vii) "Париж конвенциясы" 1883 жылғы 20 наурызда Парижде қайта қараулар мен түзетулер ескеріле отырып қол қойылған, өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж конвенциясын білдіреді;

(viii) "Ницце жіктемесі" - 1957 жылдың 15 маусымында Ниццеде қайта қараулар мен түзетулер ескеріле отырып қол қойылған, Таңбаларды тіркеу мақсатында тауарлар мен қызмет көрсетулерді халықаралық жіктеу туралы Ницце келісімі құрған жіктемені білдіреді;

(ix) "Уағдаласушы тарап" осы Шартқа қатысушы - кез келген мемлекетті немесе үкіметаралық ұйымды білдіреді;

(x) "бекіту грамотасына" сілтемелер қабылдау және мақұлдау жөніндегі құжатқа сілтемені білдіреді;

(xi) "Ұйым" Дүниежүзілік санаткерлік меншік ұйымын білдіреді;

(xii) "Бас директор" Ұйымның Бас директорын білдіреді;

(xiii) "Нұсқаулық" 17-бапта айтылған осы Шартқа Нұсқаулықты білдіреді.

2-бап. Шарт қолданылатын таңбалар

(1) [Таңбаларсипаты] (a) Осы Шарт көрнекі таңбалаулардан тұратын таңбаларға Уағдаласушы тараптардың көлемдік таңбаларды тіркеуге қабылдайтыны, осы Шарттың күшін мұндай таңбаларға қолдануға міндетті болған жағдайда ғана қолданылады.

(b) Осы Шарт голографиялық таңбаларға және көрнекі таңбалаулардан тұратын таңбаларға, атап айтқанда, дыбыстық және иіс таңбаларына қолданылмайды.

(2) [Таңбалардың түрлері] (a) Осы Шарт тауарларға (тауарлық таңбалар) немесе көрсетілетін қызметтерге (қызмет көрсету таңбалары) немесе тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жататын таңбаларға қолданылады.

(b) Осы Шарт ұжымдық, сертификаттық және кепілдік таңбаларға қолданылмайды.

3 - б а п . Ө т і н і м

(1) [Өтінімдегі немесе онымен қоса жүретін нұсқаулар мен элементтер. [Баж салығы] (a) Кез келген Уағдаласушы тарап өтінімде мынадай нұсқаулар мен

элементтердің бәрінің немесе кейбіреулерінің:

(i) тіркеу туралы өтініштің;

(ii) өтінім берушінің атының және мекен-жайының;

(iii) егер ол қандай да бір елдің азаматы болса, өтінім иесі азаматы болып табылатын мемлекет атауының; бір мемлекетте өзінің тұрғылықты жері болған жағдайда, сол мемлекет атауының; өтінім иесінің бір мемлекетте шын мәнінде және жалған емес өнеркәсіптік немесе сауда кәсіпорны болған жағдайда сол аумақтағы мемлекет атауының;

(iv) заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық сипаты мен мемлекет атауының, ал қажет болған кезде,- егер өтінім беруші заңды тұлға болып табылса, заңдарға сәйкес көрсетілген тұлға құрылған мұндай мемлекет құрамындағы аумақтық бірліктің;

(v) егер өтінім берушінің сенім білдірілген адамы болса, оның аты мен мекен-жайының;

(vi) егер 4(2)(b) бапқа сәйкес ондайлар талап етілсе, іскерлік хат жазысу мекен-жайының;

(vii) егер өтінім беруші артықшылық құқығын пайдаланып қалғысы келсе,- Париж конвенциясының 4-бабына сәйкес талап етілуі мүмкін артықшылық туралы мұндай өтінішті қолдауға нұсқаулармен және дәлелдемелермен бірге ертерек берілген өтінімнің артықшылығын сұрайтын өтінімнің;

(viii) Уағдаласушы тараптың заңдарына сәйкес талап етілетін,- егер өтінім беруші осындай күзеттің артықшылықтарын пайдаланғысы келсе, осындай өтінішті қолдауға нұсқаулармен бірге, тауарларды және/немесе көрсетілетін қызметтерді экспонаттау нәтижесінде туындайтын қорғауды сұрайтын өтінімнің;

(ix) егер өтінім беруші таңбалардың стандартты таңбалар пайдаланыла отырып тіркелгенін және жарияланғанын қаласа,- егер Уағдаласушы тараптың ведомствосы мұндай рәміздерді қолданатын болса, стандартты рәміздерді (әріптер мен сандарды) пайдалану жөніндегі өтінімнің;

(x) таңбаның ерекшелік элементі ретіндегі түсін, сондай-ақ қорғау сұралатын түстің немесе түстердің атауын қорғау сұрау туралы өтінішті, және түстердің әрқайсысына байланысты,- егер өтінім беруші мұндай қорғаудың сұрауды қаласа, осы түсте орындалған таңбаның негізгі бөліктеріне нұсқаудың;

(xi) егер таңба көлемді болып табылса, өтініштің;

(xii) таңбаның бір немесе бірнеше бейнесінің;

(xiii) таңбаның немесе оның белгілі бір бөліктері транслитерациясының;

(xiv) таңбаның немесе оның белгілі бір бөліктері аудармасының;

(xv) Ниццелік жіктеу сыныптары бойынша жіктелген таңбаны тіркеу сұралатын тауарлардың және/немесе көрсетілетін қызметтер атауларының, бұл ретте әр топтың алдында көрсетілген Жіктеу тәртібімен ұсынылған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің осы тобына жататын Жіктеу сыныбының нөмірі болады;

(xvi) (4) тармақта көрсетілген тұлға қолының;

(xvii) Уағдаласушы тараптар заңдарының талаптарына сәйкес таңбаны пайдалану ниеті жөніндегі өтініштің болуын талап ете алады.

(b) (a)(xvii) тармақшада аталған таңбаны пайдалану ниеті жөніндегі өтініштің орнына немесе оған қосымшаны, өтінім беруші таңбаны нақты пайдалану туралы өтініш бере алады және Уағдаласушы тараптар заңдарының талаптарына сәйкес осының дәлелдемелерін ұсына алады.

(c) Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына өтінімге байланысты баж салығының төленуін талап ете алады.

(2) [Өтінімді ұсыну] Бірде-бір Уағдаласушы тарап өтінім ұсыну талабына қатысты ө т і н і м д і :

(i) егер ол жазбаша түрде қағазда ұсынылса, (3) тармақ ескеріле отырып, оны Нұсқаулықпен көзделген өтінім Бланкісіне сәйкес келетін бланкіде ұсынған жағдайда;

(ii) егер Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына телефакс арқылы хабарлама беруге рұқсат етсе және өтінім осындай үлгіде берілсе, осындай берудің нәтижесінде алынған көшірме қағаз (3) тармақ ескеріле отырып, (i) тармақшасындағы аталған өтінім Бланкісіне сәйкес келген жағдайда қабылдамай тастай алмайды.

(3) [Тіл] Кез келген Уағдаласушы тарап өтінімді өзінің ведомствосы қабылдаған тілде немесе тілдердің бірінде жасалуын талап ете алады. Егер өзінің ведомствосында бірнеше тіл қабылданған болса, осы ведомство қоятын басқа да тілдік талаптардың орындалуын өтінім берушіден талап ете алады, бұл ретте өтінімнің бірден көп тілде ж а с а л у ы н т а л а п е т е а л м а ы д ы .

(4) [Қол] (a) (1)(a)(xvi) тармақта аталған қол өтінім берушінің немесе оның сенім білдірілген адамының қолы болуы мүмкін.

(b) Кез келген Уағдаласушы тарап (a) тармақшасын есепке алмай-ақ (1)(a)(xvii) және (b) тармақтарында аталған өтінішке, тіпті егер оның сенім білдірілген адамы болған жағдайда да, өтінім берушінің өзінің қолы қойылуын талап ете алады.

(5) [Бірнеше сыныптарға жататын тауарлар және/немесе көрсетілетін қызметтер үшін бір өтінім] Ниццелік жіктеудің бір немесе бірнеше сыныптарына жататынына қарамастан, бір ғана өтінім бірнеше тауарларға және/немесе көрсетілетін қызметтерге, қ а т ы с т ы б о л а а л а д ы .

(6) [Нақты пайдалану] Егер таңбаны пайдалану ниеті жөніндегі өтініш (1)(a) (xvii) тармағына сәйкес берілген болса, кез келген Уағдаласушы тарап ұлттық заңдармен белгіленген мерзімде, және Нұсқаулықпен ұйғарылған ең аз мерзімді есепке ала отырып, өтінім берушінің көрсетілген заң талаптарына сәйкес таңбаның нақты пайдаланылуына дәлелдемелерді оның ведомствосына ұсынуын талап ете алады.

(7) [Басқашарттардың орындалуын талап етуге тыйым салу] Уағдаласушы тараптардың бірде-бірі өтінімге қатысты (1)-(4) және (6) тармақтарда көрсетілген айырымдық шарттардың орындалуын талап ете алмайды. Атап айтқанда, өтінімге

қатысты оны қараудың барлық кезеңі бойына мынадай шарттардың орындалуын:

(i) кез келген куәліктің немесе сауда тізілімінен көшірменің ұсынылуын;

(ii) өтінім берушіге өнеркәсіптік немесе сауда қызметін жүзеге асырудың нұсқалуын, сондай-ақ тиісті дәлелдемелердің берілуін;

(iii) өтінім берушіге өтінімде аталған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге сәйкес қызметті жүзеге асырудың нұсқалуын, сондай-ақ тиісті дәлелдемелердің берілуін;

(iv) таңбаның басқа Уағдаласушы тараптың немесе Уағдаласушы тарап болып табылмайтын Париж конвенциясына қатысушы-мемлекеттің тізіліміне тіркелгеніне, өтінім берушінің Париж конвенциясының quinquies 6-бабын қолдануды сұрайтын жағдайларын қоспағанда, дәлелдемені ұсынуын талап ете алмайды.

(8) [Дәлелдемелер] Кез келген Уағдаласушы тарап өтінім бойынша сараптама жүргізу кезінде, егер ведомствода өтінім ішіндегі кез келген нұсқаулардың немесе элементтің дұрыстығына қатысты негізді күдік туатын болса, оның ведомствосына дәлелдемелердің ұсынылуын талап ете алады.

4 - б а п . Ө к і л д і к .

Іскерлік хат жазысу үшін мекен-жай

(1) [Практикаға жіберілген, сенім білдірілген адам] Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосы қолданатын кез келген рәсім мақсаттары үшін сенім білдірілуші ретінде тағайындалған адамның осы ведомство алдында сенім білдірілген, практикаға жіберілген адам болуын талап ете алады.

(2) [Міндетті өкілдік. Іскерлік хат жазысу үшін мекен-жай]

(a) Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің аумағында нақты және жалған емес өнеркәсіп немесе сауда кәсіпорны жоқ және онда тұрмайтын тұлғаның, өз ведомствосы қолданатын кез келген рәсім мақсаттары үшін сенім білдірілген адам болып ұсынылуын талап ете алады.

(b) (a) тармақшасы тұрғысынан өкілдікті талап етпейтін кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосы қолданатын кез келген рәсім мақсаттары үшін өзінің аумағындағы нақты және жалған емес өнеркәсіп және сауда кәсіпорны жоқ және онда тұрмайтын тұлғадан іскерлік хат жазысу үшін осы аумақта мекен-жайының болуын талап ете алады.

(3) [Сенімхат] (a) Уағдаласушы тараптар өтінім беруші, иеленуші немесе кез келген мүдделі тұлғаның өзінің ведомствосы алдында сенім білдірілген ретінде ұсынылуын айқындайды әрі талап ете алады, ол мұндай сенім білдірілгеннің өтінім иесі, иеленуші немесе басқа да тұлғаның аты және қолы қойылған жеке хабарлаумен (бұдан әрі "сенімхат") тағайындалуын талап ете алады.

(b) Сенімхат онда аталған бір немесе бірнеше өтінімге және/немесе тіркеуге қатысты бола алады, немесе онда аталған тұлға арқылы қазіргі және болашақ өтінімдер

мен тіркеулерге тағайындаған сенім білдірілген тұлға көрсетіледі.

(с) Сенімхат сенім білдірілгеннің өкілеттігін белгілі бір заңдық әрекеттермен шектей алады. Кез келген Шарт жасасқан жақ сенімхатта сенім білдірілгеннің өтінімді қабылдамай тастау мен немесе таңбаны тіркеуден бас тарту құқығын ие екендігінің нақты көрсетілуін талап ете алады.

(d) Егер ведомствоға сенім білдірілген тұлға хабарламаны табыс етсе, бірақ мұндай хабарламаны қабылдау кезінде ведомствода қажетті сенімхат жоқ болып шықса, Уағдаласушы тараптар мұндай сенімхаттың Шарт жасасқан жақтың белгілеген мерзім ішінде өзінің ведомствосында ұсынылуын талап ете алады. Бұл орайда Нұсқауда көрсетілген ең қысқа мерзім қолданылады. Егер сенімхат ведомствоға Шарт жасасқан жақтардың белгілеген мерзімі ішінде табыс етілмесе, онда Шарт жасасқан жақ аталған тұлғаның хабарламасының күші жоқ деп есептейді.

(е) Сенімхаттың ұсынылуы мен мазмұнына қатысты талаптарға орай Шарт жасасқан жақтың бірде бірі мынадай сенімхаттың қолданылуын:

(і) егер ол (4) тармақтың шартына орай қағазға түсірілген жазбаша күйінде ұсынылса, ол Нұсқауда қаралған сенімхаттың тиісті Бланкісіне сай бланкіге т о л т ы р ы л с а ;

(іі) егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарламаны телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, және де сенімхат осындай жолмен жіберілсе, (4) тармаққа сай мұндай жолдау нәтижесінде түскен қағаз көшірмесі (і) қосалқы тармақта айтылған сенімхаттың Бланкісіне сәйкес келсе, мойындамауына болмайды.

(4) [Тіл] Кез келген Уағдаласушы тарап сенімхаттың өз ведомствосы қабылдаған тілде немесе соның бір тілінде түзілуін талап ете алады.

(5) [Сенімхатқасілтеме] Кез келген Уағдаласушы тарап рәсім үшін өзінің ведомствосына сенім білдірген жасаған кез келген хабарламаны сенімхатқа сілтеме деп біледі, осының негізінде сенім білдірілгеннен өз міндетін жүзеге асыруды талап ете а л а д ы .

(6) [Басқашарттардыорындаудыталапетугетиымсалу] Бірде-бір Уағдаласушы тарап (3)-(5) тармақтарда қаралған мәселелерге қатысты осы тармақтарда қаралғаннан басқа шарттарды орындауды талап ете алмайды.

(7) [Дәлелдеме] Кез келген Уағдаласушы тарап, егер ведомствода (2)-(5) тармақтарда айтылған, кез келген хабарламаны қамтитын кез келген шарттың дұрыстығына байланысты күдік туғызатын болса, онда оның ведомствосынан дәлелдеме ұсынуды талап ете алады.

5 - б а п . Б е р і л у к ү н і

(1) [Рұқсатетілетінталап] (а) Уағдаласушы тарап, (b) қосалқы тармағына және (2) тармаққа сәйкес, өтінімді беру күні ретінде 3(3) Бапта жазылған мынадай нұсқаулар

мен элементтерді өзінің ведомствосы алған күн деп белгілейді:

- (i) таңбаны тіркеу сұралатын тиісті немесе жобалау нұсқауы;
 - (ii) өтінім берушіні салыстыратын нұсқаулар;
 - (iii) пошта арқылы өтінім берушімен немесе оның сенім білдірілген тұлғасымен байланысты жолға қоюға қажетті нұсқаулар;
 - (iv) өтінімде сұралған таңба бейнесін мейлінше анық бейнелеу, оны тіркеу;
 - (v) тіркеу сұралатын тауарлар және/немесе көрсетілетін қызмет тізбесі;
 - (vi) Уағдаласушы тараптардың заңдары талаптарына сәйкес 3(1)(a) (xvii) Бапта айтылған өтініш немесе 3(1)(b) Бапта айтылған өтініш пен дәлелдемелер болады. Егер аталған заң талап етсе, мұндай өтініштерге, сенім білдірілген тұлғасы бола тұрса да, әрі 3(1)(a)(xvii) немесе (b) Бабы қолданған жағдайда, өтінім берушінің өзі қол қояды.
- (b) Кез келген Уағдаласушы тарап өтінім берген дата ретінде оның ведомствосы (a) қосалқы тармағындағы айтылған нұсқаулар мен элементтердің бәрін емес, тек бір бөлігін алған, немесе 3(3) Бапта көрсетілген тілден басқа тілде алған датаны белгілейді.

(2) [Рұқсатетілетінқосымшатаалаптар] (a) Уағдаласушы тараптар берілу күні тағайындалған баж салығы төленгенше тағайындалмау жағын да қарастырады.

(b) Уағдаласушы тарап (a) қосалқы тармағында айтылған, талапты мынадай жағдайда, егер ол мұндай талапты осы Шартқа қосылу күніне қолданғанда ғана қолдана алады.

(3) [Түзетуменмерзімдер] (1) және (2) тармақтарға сәйкес түзетуді енгізу шарты мен мерзімі Нұсқау арқылы тағайындалады.

(4) [Басқашарттардыорындаудыталапетудітиымсалу] Бірде Уағдаласушы тарап (1) және (2) тармақтарда айтылғаннан басқа шарттарды орындауға берілу күніне қатысты талап ете алмайды.

6-бап. Бірнеше сыныптарға жататын тауарларды және/немесе - көрсетілетін қызметтер үшін бір тіркеу

Егер Ницце жіктеуінің бірнеше жіктеуіне қатысты тауарлар мен/немесе көрсетілетін қызметтер бір және тап сол өтінімге енгізілсе, онда осы өтінім бойынша бір тіркеу жүргізіледі.

7-бап. Өтінімдерді және тіркеуді бөлу

(1) [Өтінімдібөлу] (a) Кез келген өтінім, онда бірнеше тауарлар және/немесе көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі "бастапқы өтінім") қамтылады;

(i) ең болмағанда таңбаны тіркеу жөніндегі шешімді ведомствоның қабылдауына дейінгі;

(ii) таңбаны тіркеуден өткізуде ведомствоның шешіміне қарсы білдіруді қарауға байланысты рәсім кезінде;

(iii) таңбаны тіркеу туралы шешімге жоққа шығаруға байланысты рәсім кезінде, өтінім берушімен немесе оның өтінішімен екі немесе бірнеше өтінімге бөлінуі мүмкін (бұдан әрі "бөлінген өтінімдер"), мұның өзі бастапқы өтінімдегі тізбесі келтірілген тауарлар және/немесе көрсетілетін қызметтерді өтінімдерге өзара бөліп беру арқылы жүзеге асады. Бөлінген өтінімдер бастапқы өтінімнің берілу күнін сақтап қалады және оның басымдылығын да қолданады.

(b) Уағдаласушы тараптың қай қайсысы да, (a) қосалқы тармағын есепке ала отырып, өтінімді бөлуге, оның ішінде баж салығын төлеуге қатысты талаптарды еркін түрде тағайындайды.

(2) [Тіркеудібөлу] (1) тармақтағы тиісті өзгертулерді есепке ала отырып, тіркеуді бөлуге қатысты қолданылады. Мұндай бөлу:

(i) үшінші тараптың тіркеуді жарамсыз деп тану жөніндегі талабына байланысты ведомство алдындағы рәсім кезінде;

(ii) ведомствоның мұның алдындағы рәсім кезінде қабылдаған шешімін жоққа шығаруға байланысты рәсім кезінде.

Уағдаласушы тарап, егер оның заңы үшінші тарапқа таңбаны тіркеуге қарсылық етуге ол нақты тіркелгенге дейін рұқсат ететін болса, тіркеуді бөлу мүмкіндігін қарамауды қарастырған жағдайда рұқсат етіледі.

8 - б а п . Қ о л ы

(1) [Жазбашахабарлама] Уағдаласушы тараптың ведомствосына жіберілген хабарлама қағазға түсіріліп ұсынылса және қол қою талап етілгенде, Уағдаласушы т а р а п :

(i) (iii) қосалқы тармақты есепке ала отырып, өз қолымен-қол қояды;

(ii) өз қолымен қойылған қолдың орнына қол қоюдың басқа түрлерін, атап айтқанда , қол қойылған таңба немесе штемпель, болмаса мөрді еркін пайдалана алады;

(iii) егер хабарламаға қол қоятын жеке тұлға Уағдаласушы тараптың азаматы саналып, тұрағы сонда болатын болса, одан өз қолымен қойылатын қолмен бірге мөрді де қолдануын талап ете алады;

(iv) егер аталған тұлға мөрде жеке тұлғаның аты-жөні әріппен көрсетілетін мөрді пайдаланатын болса, оны талап ете алады.

(2) [Телефакспенберілетінхабарлама] Егер Уағдаласушы тарап хабарламаны өзінің ведомствосына телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, егер телефакспен алынған басылымында қолдың бейнесі немесе (1)(iv) тармаққа сәйкес, қажетті мөрді қолданатын жеке тұлғаның аты-жөні әріппен көрсетілген мөрінің бейнесі болса, онда ол хабарламаға қол қойылған деп есептеледі.

(b) Уағдаласушы тарап, (a) қосалқы тармақта айтылғандай, телефакспен берілген құжаттың оның ведомствосына Нұсқауда жазылған ең қысқа мерзімге белгіленген уақыт ішінде жеткізілуін талап ете алады.

(3) [Электрондықбайланысқұралыменхабарлау] Егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарламаны электрондық байланыс құралы арқылы беруге рұқсат етсе, егер Шарт жасасқан жақтың белгілегеніндей, онда хабарламаны электрондық байланыс құралымен жолдаған жолдаушысы, көрсетілген болса, мұндай хабарлама қол қойылған деп есептейді.

(4) [Куәліктіталапетугетиымсалы] Бірде-бір Уағдаласушы тарап кез келген қойылған қолды немесе тұлғаны куәландыратын басқа да құралдарды, бұдан бұрынғы тармақтарда айтылғандай, Уағдаласушы тараптың заңы тіркеуден бас тартуға байланысты қол қоюды куәландыруды қарастырған жағдайдан басқа кезде, куәландыруды, нотариалдық куәландыруды, сендіруді, жариялауды және басқа куәландыруды талап ете алмайды.

9-бап. Тауарларды және/немесе көрсетілетін қызметтерді жіктеу

(1) [Тауарлардыжәне/немесекөрсетілетінқызметтердіжіктеу] Өтінім немесе тіркеуге қатысты ведомство жүзеге асырған кез келген тіркеу мен кез келген жарияланым және тауарларды және/немесе көрсетілетін қызметтерді құрайтын қызмет көрсету Ницце жіктемесін жіктеу бойынша жіктелген және аталған Жіктестіру тәртібімен осы тауарлардың және/немесе көрсетілетін қызметтердің атауын көрсетеді, бұл орайда әрбір топқа тауарлардың және/немесе көрсетілетін қызметтердің аталған тобына қатысты топ нөмірінің алдында болуы тиіс.

(2) [Бір немесе сол сыныптың өзіне немесе әртүрлі сыныптарға жататын тауарлар немесе қызметтер] (a) Тауарлар мен қызметтер ведомство жүзеге асырған кез келген тіркеу немесе жарияланым негізінде ұқсас болады деп есептелмейді, олар бір және Ницце жіктемесінің сол сыныбында көрініс береді.

(b) Тауарлар мен қызметтер ведомство жүзеге асырған кез келген тіркеу немесе жарияланым негізінде бір-бірінен ерекшеленеді деп есептеуге болмайды, олар Ницце жіктемесінің әртүрлі сыныптарында көрініс береді.

10-бап. Аттарды немесе мекен-жайларды өзгерту

(1) [Иеленушініңаты-жөнінемесемекен-жайыныңөзгерту] Егер иеленуші тіркеудің иеленушісі бұрынғыша қалса, бірақ оның аты-жөні немесе мекен-жайы өзгеріске ұшыраса, онда әрбір Уағдаласушы тарап өзінің белгілер тізіліміне ведомствомен енгізу жөніндегі өтінішті қолдайды, оның өзі иеленуші немесе оның, сенімді өкілі қол қойған, тізілімге тиісті тіркеу мен өзгертудің нөмірін көрсетілген хабарлама арқылы жасалады.

Мұндай өтініш беруге қатысты талаптан Уағдаласушы тараптардың бірде бірі,

(i) егер ол (с) қосалқы тармағын есепке ала отырып, қағазға жазбаша түрде түсірілген жағдайда ұсынылса әрі Нұсқауда қаралған тиісті өтініш Бланкісінің бланкісіне толтырылып ұсынылса;

(ii) егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарлауды телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, және өтініш (с) қосалқы тармағын есепке ала отырып, осындай жіберу нәтижесінде алынған қағаз көшірмесі (1) қосалқы тармағында айтылған өтініш Бланкісіне сай келсе өтініштен бас тарта алмайды.

(b) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініште:

(i) иеленушінің аты-жөні мен мекен-жайы;

(ii) сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайы, егер тіркеудің иеленушісі оны иеленсе;

(iii) іскер хат алмасу үшін мекен-жай, егер тіркеудің иеленушісінде бар болса, көрсетілуін талап ете алады;

(c) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініш өзінің ведомствосы қабылдаған тілде немесе тілдердің бірінде түзілуін талап ете алады.

(d) Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына түскен өтінішке байланысты баж салығын төлеуді талап ете алады.

(e) егер өзгерту бірнеше тіркеуге қатысты болған күннің өзінде бір өтініштің өзі жарайды, онда тиісті тіркеулердің барлығының нөмірі көрсетіледі.

(2) [Өтінімберушінің аты-жөні мен мекен-жайының өзгертілуі] (1) тармақтағы тиісті өзгертулерді есепке ала отырып, өзгеріс өтінімге немесе өтінімдерге, немесе тіркеу не тіркеулерге қатысты болған жағдайда, егер тиісті өтінімдердің кез келгеніне нөмір әлі берілмесе немесе ондай нөмір өтінім беруші не оның сенімді өкіліне мәлім болмаса, Нұсқауда көрсетілгендей, оған қоса өтініш мұндай өтінімге теңестірілсе, соған сәйкес қолданылады.

(3) Сенімді өкілдің атын-жөні мен мекен-жайын немесе іскерлік хат алмасу үшін мекен-жайды өзгерту, (1) тармақтың тиісті өзгертулерін есепке ала отырып, сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайын кез келген өзгертуге, ол болған жағдайда, және іскерлік хат алмасу үшін мекен-жайын қатысты кез келген өзгертуге, ол болған жағдайда, қолданылады.

(4) [Басқашарттарды орындауды талап етуге тиым салу] Бірде бір Уағдаласушы тарап осы бапта айтылған өтінішке қатысты 1-3 тармақта айтылғаннан ерекшеленетін шарттарды орындауды талап ете алмайды.

Сонымен қатар мұндай өзгертуді дәлелдейтін қандай да бір құжатты ұсынуды талап ете алмайды.

(5) [Дәлелдеме] Кез келген Уағдаласушы тарап, егер ведомство тарапынан өтініште көрсетілген кез келген жағдайдың дұрыстығына қатысты негізделген күдік туғызатын болса, оның ведомствосынан дәлелдеме ұсынуды талап ете алады.

(1) [Тіркеуді иеленушіні өзгерту] (а) Тіркеуді иеленушіні өзгерткен жағдайда әрбір Уағдаласушы тарап өзінің таңбалар тізілімі не ведомствомен мұндай өзгерту енгізу жөніндегі өтінішті таниды, оның өзі тіркеудің бұрынғы иеленушісі немесе оның сенімді өкілімен қол қойылған, тізілімге енгізілуге тиісті тіркеу мен өзгерістің, өзіне тән нөмірлері көрсетілген хабарлама арқылы жасалады. Бірде бір Уағдаласушы тарап ұсынылған өтінішке қатысты талаптар,

(i) егер ол (2)(а) тармағын есепке ала отырып, қағазға жазбаша түсірілген жағдайда, ол Нұсқауда көрсетілген өтініш Бланкісіне сәйкес бланкте ұсынылса;

(ii) егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарлауды телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, және өтініші (2)(а) тармағын есепке ала отырып, осындай жіберу нәтижесінде алынған қағаз көшірмесі (i) қосалқы тармағында айтылған өтініш Бланкісіне сай келсе, өтініштен бас тарта алмайды.

(b) Егер иеленушіні өзгерту жасалған шарттың қорытындысының, нәтижесі болып табылса, кез келген Уағдаласушы тарап өтініште оның көрсетілуін талап ете алады, оған сұрау салған жақтың таңдауы бойынша мынадай құжаттардың бірі тіркеледі:

(i) шарттың көшірмесі, бұл орайда мұндай көшірменің мемлекеттік нотариуспен немесе кез келген басқа құзыретті мемлекеттік органмен куәландырылуы талап етілуі мүмкін ;

(ii) тіркеу иеленушісін өзгертуді білдіретін шарттан көшірме, бұл орайда мұндай көшірме мемлекеттік нотариуспен немесе басқа да кез келген құзыретті органмен куәландырылуы талап етілуі мүмкін;

(iii) Нұсқауда көрсетілген, тиісті түр мен мазмұнға сай жасалған таңбаға құқықты ауыстыру жөніндегі бұрынғы және жаңа иеленушілер қолы қойылған куәландырылмаған құжат ;

(iv) Нұсқауда көрсетілген, тиісті түр мен мазмұнға сай жасалған таңбаға құқықты ауыстыру жөніндегі бұрынғы және жаңа иеленушілер қолы қойылған куәландырылмаған құжат .

(c) Егер иеленушіні өзгерту қосылу нәтижесінде болып табылса, кез келген Уағдаласушы тарап құзыретті органмен құрылған және мұндай қосылуды дәлелдейтін құжат көшірмесі тіркелген өтініште оның көрсетілуін талап ете алады, мысалы, оған сауда тізілімінен алынған үзінді көшірмесі жатады. бұл орайда көшірме осы құжат берген органмен, немесе мемлекеттік нотариуспен, немесе басқа құзыретті мемлекеттік органмен куәландырылуы талап етіледі.

(d) Шарт жасау немесе бірігу нәтижесінде бірлесіп иеленушілердің бір немесе бірнешеуі өзгерген жағдайда, бірақ бәрі емес Уағдаласушы тарап өзгертуге қатысы жоқ кез келген бірге иеленушінің өзі қол қойған құжатында иеленушіні өзгертуге арнайы

келісім беруін талап ете алады.

(е) Егер иеленушіні өзгерту шарт жасау қорытындысы немесе бірігу нәтижесінде болмай шықса, ал басқа себеппен айталық, заңды қолдану немесе сот шешімімен болса, кез келген Уағдаласушы тарап оны оның өтініште дәлелдейтін құжат көшірмесі тіркеледі, бұл орайда көшірме мұндай құжатты берген органмен, мемлекеттік нотариуспен немесе кез келген басқа да құзыретті мемлекеттік органмен куәландыруды талап етілуі мүмкін.

(f) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініште:

(i) иеленушінің аты-жөні мен бұрынғы мекен-жайын;

(ii) жаңа иеленушінің аты-жөні мен мекен-жайын;

(iii) жаңа иеленуші азаматы болып табылатын мемлекеттің атауы, егер ол қандай да бір мемлекеттің азаматы болып табылса: жаңа иеленушінің тұрағы орналасқан мемлекеттің атауы, оның өзі болатын болса; жаңа иеленушінің нақты және жалған емес өнеркәсіптік немесе сауда кәсіпорны орналасқан мемлекеттің атауы, егер оның өзі болатын болса;

(iv) егер жаңа иеленуші заңды тұлға болып табылса, заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық сипаты мен мемлекет атауы, ал қажет жағдайда заңға сәйкес аталған заңды тұлға құрылған сондай мемлекеттің құрамындағы аумақтық бірлік;

(v) сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайы, егер бұрынғы иеленушіде ол бар болса;

(vi) іскерлік хат алмасу үшін мекен-жайы, егер бұрынғы иеленушіде ол бар болса;

(vii) сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайы, егер жаңа иеленушіде ол бар болса;

(viii) іскерлік хат алмасу үшін жаңа иеленушінің мекен-жайы, егер ондай 4(2)(b)

Бабымен талап етілсе көрсетілуін талап ете алады.

(g) Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына түскен өтінішіне байланысты баж салығын төлеуді талап ете алады.

(h) Егер иеленушіні өзгерту бірнеше тіркеуге қатысты болған, кезде бір өтініш жарайды, мұның өзі бұрынғы және жаңа иеленуші әрбір тіркеу үшін бір және сол тұлғалар болып табылады және бұл тіркеулердің өтініште нөмірі көрсетілуі жағдайында жүзеге асады.

(i) Егер иеленушіні өзгерту бұрынғы иеленушінің тіркеуінде тізілген тауарлар мен немесе қызметтердің, бәріне бірдей қатысты болмаса, және заң ондай өзгерту жөнінде жазбаны енгізуге рұқсат етсе, онда ведомство иеленушіні өзгертуге қатысты орын алған тауарлар мен қызметтерге қатысты жеке тіркеуді жүргізеді.

(2) [Тіл.Аударма] Кез келген Уағдаласушы тарап өтініш, белгі құқығын ауыстыру куәлігі немесе мұндай құқықты ауыстыру жөніндегі құжат, (1) тармақта айтылғандай, оның ведомствосында қабылданған тілде немесе тілдердің бірінде түзілуін талап ете алады.

(b) (1)(b)(i) және (ii), (c) және (e) тармағында айтылғандай, егер құжаттар Шарт

жасасушы жақтың ведомствосында қабылданған тілде немесе тілдердің бірінде ұсынылмаса, онда Уағдаласушы тарап өтінішке талап етілген құжаттың оның ведомствосы қабылдаған тілде немесе тілдердің бірінде жасалған аударманы немесе куәландырылған аударманы тіркеуді талап ете алады.

(3) [Өтінімдериеленушініөзгерту] (1) және (2) тармақтардағы өзгертулерді есепке ала отырып, мынадай жағдайларда, иеленушіні өзгерту өтінімге немесе өтінімдерге, немесе өтінімді немесе өтінімдерді тіркеуге немесе тіркеулерге қатысты қолданылады, мұның өзі егер тиісті өтінімдердің кез келгеніне әлі нөмір берілмесе немесе бұл нөмір өтінім берушіге немесе оның сенімді өкіліне мәлім болмаса, оның үстіне өтініш, Нұсқауда көрсетілгендей, мұндай өтінімге теңестірілсе, соған сәйкес қолданылады.

(4) [Басқашарттардыорындауғатиымсалу] Бірде бір Уағдаласушы тарап осы бапта айтылған, өтінішке қатысты (1)-(3) тармақта айтылғаннан өзге шарттарды орындауды талап ете алмайды. Сонымен қатар мынадай шарттарды орындауды:

(i) (1)(с) тармағының ережелерін есепке ала отырып, сауда тізілімінен көшірме немесе кез келген құжатты ұсынуды;

(ii) жаңа иеленуші жүзеге асыратын өнеркәсіптік немесе сауда қызметін көрсетуді, сондай-ақ тиісті дәлелдемелерді ұсынуды;

(iii) жаңа иеленуші иеленушісі өзгертілетін тиісті тауарлар мен қызметтерді жүзеге асыруды көрсетуді, сондай-ақ тиісті дәлелдемелерді ұсынуды;

(iv) бұрынғы иеленуші өзінің кәсіпорын мен материалдық активтерін жаңа иеленушіге толықтай немесе бөліктей тапсыруды көрсетуді, сондай-ақ тиісті дәлелдемелер ұсынуды талап ете алмайды.

(5) [Дәлелдеме] Кез келген Уағдаласушы тарап оның ведомствосына дәлелдемелерді, немесе, (1)(с) немесе (е) тармағының ережелері жүретін жағдайда қосымша дәлелдемелерді, егер осы Бапта айтылған, өтініштегі немесе кез келген құжаттағы арқау болған кез келген көрсетудің, дұрыстығына қатысты ведомствосында күдік туындаған жағдайда, талап ете алады.

12 - бап. Қателерді түзету

(1) [Тіркеугеқатыстықателердітүзету] (а) Әрбір Уағдаласушы тарап өтінішке немесе басқа өтінішке қатені түзету жөніндегі жасалған, өзінің ведомствосына хабарланған өтінішті таниды және хабарлауды құрайтын, оның ведомствосындағы белгілер реестрі мен немесе кез келген жарияланымда көрсетілген тіркеудің иеленушісі немесе оның сенімді өкілімен қол қойылған, тиісті тіркеудің нөмірі көрсетілген қателер түзетілуі тиіс, түзету өз кезегінде реестрге енгізілу қажет. Бірде бір Уағдаласушы тарап ұсынылған мұндай өтініш:

(i) егер ол (с) қосалқы тармағын есепке ала отырып, қағазға жазбаша түсірілген жағдайда, Нұсқауда өзгертілген өтініш Бланкісіне сәйкес бланкте ұсынылса;

(ii) егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарламаны телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, және өтініш (с) тармағын есепке ала отырып, осындай жолдану нәтижесінде алынған қағаз көшірмесі қосалқы тармағында айтылған өтініш Бланкісіне сай келсе, ондай өтініштен бас тарта алмайды.

(b) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініште:

(i) иеленушінің есімі мен мекен-жайы;

(ii) сенімді өкілдің есімі мен мекен-жайы (егер иеленушіде ол бар болатын болса);

(iii) іскерлік хат алмасу үшін мекен-жайы (ол бар болатын болса) көрсетілуін талап е т е а л а д ы .

(c) Кез келген Уағдаласушы тарап өтініштің ведомствосы қабылдаған тілінде немесе тілдердің бірінде түзілуін талап ете алады.

(d) Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына түскен өтінішке байланысты баж салығын төлеуді талап ете алады.

(e) Түзету бір немесе сол тұлғаның бірнеше тіркеуіне қатысты болғанның өзінде, бір өтініш жарайды, қате мен салынуға тиісті түзету әр тіркеу үшін біркелкі және сондай болады, және өтініште барлық осы тіркеулердің нөмірі көрсетіледі.

(2) [Өтінімге қатысты қателерді түзету] (1) тармақтың тиісті өзгертулерін есепке ала отырып, қате өтінімге немесе өтінімдерге, болмаса өтінім немесе өтінімдерге және тіркеу мен тіркеулерге қатысты болған жағдайда қолданылады, егер тиісті өтінімдердің кез келгеніне нөмір берілмесе немесе мұндай нөмір өтінім берушіге немесе оның сенімді өкіліне мәлім болмаса оның үстіне өтініш Нұсқауда көрсетілгендей, мұндай өтінімге теңестірілсе, соған сәйкес қолданылады.

(3) [Басқа шарттарды орындауға тиым салу] Бірде бір Уағдаласушы тарап осы Бапта айтылған, өтінішке қатысты (1) және (2) тармақтарда айтылғаннан ерекшеленетін шарттарды орындауды талап ете алмайды.

(4) [Дәлелдеме] Кез келген Уағдаласушы тарап өзінің ведомствосына дәлелдемелерді ұсынуды, егер ведомствода болжамды қатенің нағыз қате болып шығуы мүмкін деген негізделген күдік туындайтын болса, талап етеді.

(5) [Ведомствоның қатесі] Уағдаласушы тараптың ведомствосы ex officio немесе қандай да бір баж салығын төлеместен өз қатесін өтініш етуге байланысты түзейді.

(6) [Түзелмейтін қателер] Бірде бір Уағдаласушы тарап заңға сәйкес түзетуге келмейтін кез келген қатеге қатысты (1)(2) және (5) тармақтар ережелерін қолдануға т и і с т і е м е с .

13-бап. Тіркеуді қолданудың мерзімі және оны ұзарту

(1) [Тіркеуді ұзарту немесе оны қоса жолдау жөніндегі өтініште болатын шарттар немесе элементтер. Баж салығы] (a) Кез келген Уағдаласушы тарап өтінішті беру жағдайында тіркеуді ұзартуды талап ете алады, әрі мұндай өтініш мына төмендегідей

шарттардың бәрін немесе бірнешеуін құрайды:

- (i) тіркеуді ұзарту жөніндегі өтініш;
- (ii) тіркеуді иеленушінің аты-жөні мен мекен-жайы;
- (iii) тиісті тіркеудің нөмірі;

(iv) тиісті тіркеуді жүзеге асырған өтінім беру датасы, болмаса Шарт жасасқан жақтың таңдауы бойынша - тиісті тіркеуді жүзеге асыру датасы;

(v) сенімді өкілдің аты-жөні мен мекен-жайы, егер ол иеленушіде бар болса;

(vi) іскерлік хат алмасудың мекен-жайы, егер ол иеленушіде бар болса;

(vii) тіркеуді ұзартуды сұраған реестрге енгізілген тауарлар мен қызметтердің атауы, немесе Ницце жіктеуінің сыныптары бойынша сыныпталған тіркеуді ұзартуды қажетсінбейтін тізілімге енгізілген тауарлар мен немесе қызметтердің атауы, бұл орайда әрбір топқа осы Жіктеудің, сыныбы нөмірі алдында келуі керек, оған аталған Жіктеудің сыныбы нөмірі алдында келуі керек, оған аталған Жіктеудің сыныптары тәртібіндегі ұсынылған тауарлар мен қызметтердің аталған тобы жатқызылады, - Уағдаласушы тарап белгілер реестріне енгізілген кейбір тауарлар мен немесе қызметтерге қатысты ғана тіркеуді ұзартуды жүзеге асыруға рұқсат берсе, және ондай ұзарту сұралған жағдайда;

(viii) иеленуші мен оның сенімді өкілінен басқа тұлғаның, есімі мен мекен-жайы, егер Уағдаласушы тарап осы тұлғамен тіркеуді ұзарту жөнінде өтініш беруге рұқсат етсе;

(ix) иеленуші мен оның сенімді өкілінің қолы, немесе, (viii) қосалқы тармақты қолданған жағдайда, осы қосалқы тармақтағы айтылған тұлғаның қолы.

(b) Кез келген Уағдаласушы тарап тіркеуді ұзарту жөніндегі өтінішке байланысты өзінің ведомствосына баж салығын төлеуді талап ете алады. Тіркеудің бастапқы кезеңі үшін баж салығы төленгеннен кейін немесе тіркеуді ұзартудың кез келген кезеңінен кейін бұл кезең күшінде болғанда тіркеуді қолдау үшін ешқандай басқалай төлем болуы мүмкін емес. Таңбаны пайдалануға қатысты өтініш және немесе дәлелдеме ұсынылуына байланысты осы қосалқы тармақтың ережелері қолданылмайды.

(c) Кез келген Уағдаласушы тарап тіркеуді ұзарту жөніндегі өтініш ұсынылуын және (b) қосалқы тармағында айтылған тиісті баж салығы Уағдаласушы тараптың заңымен тағайындалған, Нұсқауда көрсетілген ең жақын мерзімді есепке ала отырып, сол мерзім ішінде ведомствоға төленуін талап ете алады.

(2) [Өтінішті ұсыну] Уағдаласушы тараптың бірде бірі өтінішке қойылған талаптарға қатысты,

(i) егер ол (3) тармақты есепке ала отырып, қағазға жазбаша түсірілген жағдайда, ол Нұсқауда көрсетілген өтініш Бланкісіне сәйкес бланкте ұсынылса;

(ii) егер Уағдаласушы тарап оның ведомствосына хабарламаны телефакс арқылы жіберуге рұқсат етсе, және өтініш (3) тармақты есепке ала отырып, осындай жолдау нәтижесінде алынған қағаз көшірме (i) қосалқы тармағында айтылған өтініш Бланкісіне

сай келсе, өтініштен бас тарта алмайды.

(3) [Тіл] Кез келген Уағдаласушы тарап тіркеуді ұзарту жөніндегі өтініштің ведомствосы қабылдаған тілінде немесе тілдердің бірінде түзілуін талап ете алады.

(4) [Басқашарттардыорындауғатиымсалу] Бірде бір Уағдаласушы тарап осы тіркеуді ұзарту жөніндегі өтінішке қатысты (1)-(3) тармақтарда айтылғаннан өзге шарттарды орындауды талап ете алмайды. Сонымен қатар мынадай шарттарды орындауды талап е т е а л м а й д ы :

(i) таңбаның бейнесін немесе басқа бірегейлендірілгенін ұсыну;

(ii) таңбаның тіркеуден өткені немесе басқа Уағдаласушы тараптың тізілімдегі кез келген таңбалары ұзартылған таңбаны тіркеуді ұсыну;

(iii) таңбаны пайдалануға қатысты өтінішті немесе дәлелдемені ұсыну.

(5) [Дәлелдеме] Кез келген Уағдаласушы тарап тіркеуді қолдануды ұзарту жөніндегі өтінішті қараған кезде оның ведомствосына, егер ведомствода тіркеуді ұзарту жөніндегі өтініш құралатын кез келген шарт пен элементтің дұрыстығына қатысты негізделген күдік туындағанда, дәлелдемені талап ете алады.

(6) [Мәнгебайланыстысараптамажасауғатиымсалу] Уағдаласушы

тараптың бірде бір ведомствосы тіркеуге мәнге байланысты оны ұзарту мақсатында сараптама жүргізе алмайды.

(7) [Тіркеудіқолдану мерзімі] Тіркеудің бастапқы қолдану мерзімі он жыл болады және одан кейіні он жылға ұзартылуы мүмкін.

14-бап. Болжамды бас тарту жағдайындағы ескертулер

Ведомство өтінімді немесе өтінішті 10-13 Баптарға сәйкес, жағдайға байланысты, өтінім беруші немесе өтініш берген жаққа ақылға сыйымды уақыт ішінде болуы мүмкін бас тартуға қатысты ескертпені ұсынбай тұрып, толық немесе бөліктей қабылдаудан бас тарта алмайды.

15-бап. Париж конвенциясын сақтау міндеттемесі

Кез келген Уағдаласушы тарап таңбаларға қатысты Париж конвенциясының ережелерін сақтауға міндеттенеді.

16-бап. Қызмет көрсету таңбалары

Кез келген Уағдаласушы тарап тауар таңбаларына және оларды тіркеуге қатысты Париж конвенциясының тиісті ережелерін таңбаларды қамтамасыз етуге қолданады.

17-бап. Нұсқаулықтар

(1) [Мазмұны] (а) Осы Шартқа тіркелген Нұсқау мынадай ережелерден тұрады:

(i) осы Шарт әдейі "Нұсқауға енгізген" реттелетін талаптар;

